




Тауырғалин Айтыш (Әйтiш)

Тауырғалин Әйтiш 1921 жылы Шарбақты ауылында дүниеге келді. Әкесі Тауырғалы ауылда ұста болып iстеген, шеші Қорлан үй шаруашылығында жұмыс атқарған. Әкесі Тауырғалыны 1941 жылы труд армияға Қарағандыға алып кетеді. 1942 жылы Ұлы Отан соғысына шақыртылған. Брянск маңайында соғысқа қатысқан. Соғыста «За отвагу» медалімен марапатталған. Содан 1943 жылы жараланып елге комиссоват еткен. 1955 жылдан бастап Шарбақты ауылында шофер болып iстеген. 1970-1980 жылдары «Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталған және «Жуков» медалімен және тағы да басқа Юбилейный медальдарымен марапатталған. 1945 жылы Балжанмен үйленіп, үш нәресте сүйеді Шолпан, Ерсайын, Жібек деген. Қазіргі таңда үш баласы да үйленіп, отбасын құрып отыр. 1998 жылы дүниеден өтті.